

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

"Өнер" бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңес- Оқу – әдістемелік бірлестік № 2 отырысын ХАТТАМАСЫ

Күні мен уақыты: 2025 жылғы 05 наурыз, сағат 12.00 (Астана қ.)

Өткізу форматы: Zoom платформасында онлайн

Конференцияға қосылу:

Конференция идентификаторы: 670 635 6048

Коды: 2022

Төраға: «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор Ш.Қ. Ергөбек

Хатшы: «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ хатшысы Г.Б. Гизатова

Қатысқандар: тізім бойынша

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025 жылға арналған «Өнер» даярлау бағыты бойынша оқулықтар, оқу құралдары, практикумдар басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту
Баяндамашы:

Гизатова Гульнара Бисенгалиевна – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ ғылыми хатшысы.

2. Өнер саласындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірлескен білім беру бағдарламаларын (БББ), қос диплом бағдарламаларын (ҚДБ), шетелдік әріптестермен академиялық және шығармашылық қарым-қатынастарды іске асыру туралы.

Баяндамашылар:

Далиева Жанат Айтугановна – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы;

Уразымбетов Дамир Дуйсенович – өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің басшысы;

Найзабекова Малика Абдумаликовна – Қазақ ұлттық хореография академиясының халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы;

Баженеева Сания Оразбековна-Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметінің басшысы.

3. Торайғыров университеті «Актерлік өнер», «Вокалдық өнер», «Аспаптық орындау» білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы есеп.

Баяндамашы:

Папандопуло Михаил Павлович - философия докторы (PhD), Торайгыров университеті «Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша: 2025 жылға арналған «Өнер» даярлау бағыты бойынша оқулықтар, оқу құралдары, практикумдар басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту

Спикер:

Гизатова Г.Б. - «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ хатшысы (Презентация қосымша беріледі)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Г.Б. Гизатованың баяндамасын назарға алу.

2. 2025 жылға арналған Тақырыптық жоспарын бекіту.

3. «Өнер» бағыты бойынша оқытуды жүзеге асыратын ЖЖОҚБҰ-лар РОӘБ ОӘБ отырысына дейін оқу әдебиеттерін тапсырудың барлық кезеңдерін, яғни кафедралардың, факультет кеңесінің және университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырыстарында талқылау және жариялауға ұсынымдарды орындау үшін жауапкершілікті арттыру қажет.

Екінші сұрақ бойынша: Өнер саласындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірлескен білім беру бағдарламаларын (БББ), қос диплом бағдарламаларын (ҚДБ), шетелдік әріптестермен академиялық және шығармашылық қарым-қатынастарды іске асыру туралы.

Спикерлер:

Далиева Ж. А. –Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы (Презентация қосымша беріледі);

Уразымбетов Д. Д. – өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің басшысы (Презентация қосымша беріледі);

Найзабекова М. А. – Қазақ ұлттық хореография академиясының халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы (Презентация қосымша беріледі);

Баженева С. О. -Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметінің басшысы (Презентация қосымша беріледі).

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ж.А.Далиева, Д.Д., Уразымбетов, М.А.Найзабекова, С. О. Баженееваның баяндамаларын назарға алу.

2. «Өнер» бағыты бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын ЖЖОҚБҰ – лар бірлескен білім беру бағдарламаларын (БББ) және қос диплом бағдарламаларын (ҚД) әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмысты жандандырсын.

Үшінші сұрақ бойынша: Торайғыров университеті «Актерлік өнер», «Вокалдық өнер», «Аспаптық орындау» білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы есеп.

Спикер:

Папандопуло М. П. - философия докторы (PhD), Торайғыров университеті «Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі (Презентация қосымша беріледі)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 1.М.П. Папандопулоның баяндамасын назарға алу.
- 2.Білім беру бағдарламаларының басшыларына БББ іске асырудың пайдалану параметрлерін (кадрлық, әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету) ескере отырып, оларды одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты ұсыну.

«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор



Ергөбек Ш.Қ.

«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ хатшы



Гизатова Г.Б.